

## **Қазақстан Республикасына типтік емес өкпе қабынуын әкелуге және оның таралуына жол бермеу жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 81-ө өкімі

Қазақстан Республикасына типтік емес өкпе қабынуын әкелудің және оның таралуының алдын алу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Типтік емес өкпе қабынуын әкелудің және оның одан әрі таралуының алдын алу жөніндегі бағдарламаны әзірлесін және бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау, Қаржы министрліктері Денсаулық сақтау және Сыртқы істер министрліктерінің қатысуымен үш күн мерзімде санитарлық-карантиндік пункттердің, вирусологиялық зертханалардың жұмыс істеуін және Қазақстан Республикасы азаматтарының Қытай Халық Республикасынан (бұдан әрі - ҚХР) келуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды қаржыландыру көздері бойынша ұсыныс енгізісін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер, Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері:

1) азаматтардың отанына ұйымдасқан түрде оралуын қамтамасыз ету үшін үш күн мерзімде Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы Елшілігінде консулдық есепте тұратын адамдардың тізімін дайындасын және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне берсін;

2) Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы Елшілігінің қызметкерлері отбасыларының мүшелерін және Қазақстан Республикасының басқа да азаматтарын типтік емес өкпе қабынуы бойынша эпидемиологиялық ахуал қалыпқа түскенге дейін қайтару жөнінде шұғыл шаралар қабылдасын;

3) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, Көлік және коммуникациялар министрліктерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының ҚХР-дан келетін азаматтарын қабылдау, орналастыру және тексеру жоспарын әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі үш күн мерзімде белгіленген тәртіппен типтік емес өкпе қабынуы бойынша эпидемиологиялық ахуал қалыпқа түскенге дейін ҚХР-дан қайтып келе жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары бар рейстерді қоспағанда, ҚХР-дан келетін тұрақты әуе, темір жол және автомобиль қатынастарын тоқтата тұруды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы азаматтарының типтік емес өкпе қабынуы

эпидемиясы бар ҚХР-ға және басқа да елдерге туристік сапарларын эпидемиологиялық ахуал қалыпқа түскенге дейін тоқтата тұрсын.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша):

1) үш күн мерзімде 1 мамырдан бастап эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанға дейін ҚХР-мен мемлекеттік шекараны жабу мәселесі жөнінде ұсыныс берсін; <\*>

2) мемлекеттік шекарадан өту пункттерінде ҚХР-дан келетін азаматтарға қатысты санитарлық-карантиндік іс-шараларды жүргізу жөнінде денсаулық сақтау органдарына ж ә р д е м к ө р с е т с і н .

**Ескерту. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 91 өкімімен**

7. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.Ә.Мұхаметжановқа жүктелсін.

*Премьер-Министр*